

Ақтөбе облысының бірқатар елді мекендерін тарату туралы

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 451 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 358 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 қаңтарда № 4697 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 27-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабының 3) тармақшасына сәйкес және Әйтеке би, Алға және Ырғыз аудандарының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Тұрақты халқының саны елу адамнан аспайтын келесі ауылдар таратылсын:
Әйтеке би ауданы бойынша:
Сарат ауылдық округінің Қырыққұдық ауылы,
Комсомол ауылдық округінің Бөгеткөл және Тасқожа ауылдары;
Алға ауданы бойынша:
Тоқмансай ауылдық округінің Өлетті ауылы;
Ырғыз ауданы бойынша:
Тәуіп ауылдық округінің Қаракөл ауылы.
2. Әйтеке би, Алға және Ырғыз аудандарының әкімдері таратылған ауылдардың тұрғындары мен аумақтарын іргелес жатқан елді мекендерге қосуға байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті шаралар қабылдасын.
3. "Ақтөбе облысының статистика департаменті" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне сәйкесінше өзгерістер енгізсін.
4. "Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі жер-кадастр құжаттамаларын облыстың әкімшілік-аумақтық құрылысына жүргізілген өзгерістермен сәйкестендірсін.
5. Осы әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
6. Осы әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Облыстық мәслихаттың

Б. САПАРБАЕВ

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК